

Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 281-283

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕТ ӨНДІРІСІ МЕН ЭСКПОРТҚА СИЫР ЕТІН ШЫҒАРУ ЖАҒДАЙЫ

Қажғалиев Н.Ж.

Қазақ жері – мал шаруашылығы қалыптасқан ең көне аймақтардың бірі. Осыған орай елімізде мал шаруашылығы саласын дамытуда алда тұрған басты міндеттердің бірі сапалы өнім көлемін арттыру. Соның ішінде Қазақстанда ет өндірісін дамыту бүгінгі күннің басты назарында тұр, өйткені мемлекетіміздің индустриалды-инновациялық бағдарламасының ең бір басты мақсаты - бәсекеге қабілетті және экспортқа шығара алатын өнімдерді өндіру[1, 2]

Республикамызда ет өндірісі ХХ ғасырдың 80-90 жылдары даму қарқыны жоғары болып, Кеңес одағы кезінде жылына 1,6 мың тонна мөлшерінде ет өндіріліп, адам басына шаққанда 95 кг құраса, бүгінгі күні бұл көрсеткіш өкінішке орай екі есе шамасында азайып отыр. Мәселен, 2015 жылғы қаңтар-желтоқсанда мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені 930,3 мың тоннаны құрады, соның ішінде сиыр еті 416,5 мың тонна, бұл өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,4%-ға жоғары ет өндіріліп, адам басына шаққанда 57,3 кг етті құрады, бірақ 2010, 2011 жылдармен салыстырғанда тиісінше 0,8 және 1,0%-ға сәл төмендеген (1 кесте).

1 кесте - Қазақстанда ет өндірісінің даму динамикасы

Ет (сойыс салмағы есебінде) мың тонна	2010ж	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж
Жалпы өндірілген ет	937,4	939,4	844,7	871,0	900,2	930,3
Соның ішінде: сиыр еті	406,8	392,8	373,5	383,5	405,5	416,5

Бүгінгі күні отандық ет өндірісі ішкі нарықта бірінші орынды 45%-н сиыр еті, екінші орынды шошқа еті 24% мен қой еті 14% және 9% жылқы, құс, басқа да малдар еті құрап отыр. Ал, қазіргі уақытта барлық сиырдың (

6 068 599 бас, соның ішінде асыл тұқымды мал үлесі 1,11%. Ал, етті бағыттағы малдардың үлесі 1,1% құрайды.) 2016 жылғы 1 қаңтарға ірі қара малдың 62,3% жұртшылық шаруашылықтарында; 29,3% - шаруа немесе фермер қожалықтарында; 8,4% - ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында саналды, 2010 жылмен салыстырғанда шаруа қожалықтарындағы мал үлесі 4 есеге сандық жағынан артқан, бұл қуантарлық жағдай, ал сапасы (асыл

тұқымды жоғары классты мал) қандай жағдайда?, ал қой - тиісінше 56,4, 38,8 және 4,8%; ешкі - 72,8, 26,6 және 0,6%; шошқа - 55,0, 13,2 және 31,8%; құс - 34,7, 1,3 және 64,0%-ға сәйкес келеді[4,5].

Еттің экспорттық әлеуетін дамытудың негізгі бағдарламасы асыл тұқымды түрлендіру – асыл тұқымды өндіруші бұқалар табынын пайдалана отырып, асыл тұқымды емес малдың өнімділік сапасын арттыру болып табылады[5].

2011 жылы елімізде ет өндірісін дамыту және импорт мөлшерін азайтып, экспорт көлемін арттыру мақсатында 2011-2020 жылдары ірі қара мал етін экспорттау потенциалын дамыту жоспары бекітіліп, 2016 жылы Ресейге 60 мың тонна сиыр етін шығарып, 2020 жылы экспорт мөлшерін 180 мың тоннаға жеткізу жоспарланған болатын. Осы жоспарды орындау үшін Қазақстан жылына 6,4 мың тонна сиыр етін Ресейге өткізу тиіс. Бұл жобаны жүзеге асыру мақсатымен үкімет «Сыбаға» деп аталатын жобаны енгізген болатын. Сыбаға жобасының табысты болатынына үкімет үлкен сенім артты. Осы мақсатта үкімет 130 млрд қаражат бөлінді. Қаржылық көздері республикалық бюджетпен ұлттық қордың қаражаттары болып табылады. Бұның ішіне ірі 150 мың бас құрайтын ірі бордақылау алаңдарын салу жоспарланған. Бүгінгі күні соның 134 мың басқа арналған бордақылау алаңдары іске қосылған. Яғни 89%-ы ғана орындалған.

2 кесте - Елімізде сиыр етін өндірудегі экспорт және тұтыну мөлшері

Атаулары	Өлшем. бірлік	Жылдар					
		1990	2011	2012	2013	2014	2015
Ірі қара малы (КРС)	мың бас	9757	5702,4	5690	5851,2	6032,7	6068,5
Соның ішінде:							
Сиыр еті	мың. тонн	709,6	392,8	373,5	383,5	405,5	416,5
Экспорт, мың. тонн	мың. тонн	184,5	0,02	0	266	6272	6497
1 адам/жылына тұтынуы, кг	тыс. тонн	95	34,5	43,1	45,6	54,5	57,1

Ал бүгінгі күні 2015 жылғы желтоқсанда мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені небәрі -930,4 мың тонна ет құрады. Оның ішінде сиыр еті 416,5 мың тонна. Мысалы, 2016 жылдың 1 қаңтарындағы статистика мәліметі бойынша экспорт көлемі мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмағы бойынша 16134 тоннаны ғана құрап отыр, соның ішінде сиыр еті 6497 тонна. Бірақ дей тұрғанмен 2010-2011 жылдармен салыстырғанда 54 есе артып отыр.

2016 жылы 60 мың тонна етті экспорттау жоспарын жүзеге асыру үшін бір жылда бордақылау алаңдарында (орташа ұшаның салмағы 200 немесе 235кг тартатын) 255 немесе 300 мың бас бұқашықтарды бордақылап мәрмәрі (мраморный) ет өткіуіміз қажет екен. Дәл қазіргі жағдайымыз мұндай талапты әсте көтере алмайтыны белгілі. Сондықтан, қолда бар мал тұқымын асылдандырып, мол өнім беретін асыл тұқымды ірі қара мал санын көбейткен жөн. Неге десеңіз, дүние жүзінде ет саудасымен аты озып тұрған Бразилияда асыл тұқымды малдың үлесі 75 пайыз болса, Аргентинада 72 пайыз, Канадада 65 пайыз. Ал, біздің елдің бүгінгі көрсеткіші 2 пайыздың төңрегінде ғана. Қазіргі таңда елімізде асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқымының 120 мың бас, геррефорд тұқымының 40 мың бас, абердин – ангус 37595 бас, әуликөл - 30500 бас және т.б. бар.

Бүгінгі күні экспортқа сапалы мал етін өндіру үшін, мал еті мәрмәрі болуына талап қойылып отыр. Өйткені дамыған шет елдерде ұшада еті мол, майы аз «мәрмәрі» етке сұраныс жоғары. Ондай ұша көбіне ұзақ өсіп жетілетін, яғни 15 емес 18-24 айға дейін бағып-күтілген малдан сапалы, әрі мәрмәрі ет алынады. Бірақ елімізде мәрмәрі етті бағалайтын нормативтік құжат түгелі, әлі күнге дейін ірі қара малын сою технологиясына құрастырылған отандық стандартымыз жоқ. Мәрмәрі ет дамыған шет елдерде баллдық жүйемен бағаланады. Яғни 5-6 қабырға кесінді арасындағы еттің суретіне қарап, эталондар арқылы 1 ден 6 баллдық жүйемен бағаланады. Бұл жерде осы саланы толық меңгерген тағыда тәжірибелі маман қажет[6,7].

Сонымен қатар, өндірілген етті өңдеу және сақтау үшін, қуаттылығы тәулігіне 40-50т ірі кешенді ет өндірістері қажет. Әрине, бұл енді мал шаруашылығы жаңа дамып келе жатқан ел үшін экспортқа ауқымды көлемде ет өндіру әзірге мүмкін емес, қол жетімсіз жоспарлар мен армандар дер едім. Бірақ бұл сапалы көрсеткішке біз тек отандық өнімді қолдау арқылы жететінімізге нақты сенімдімін. Өйткені шет елден әкелген малды бағып-күту сатып алған бағасынан 4-5 есе жоғары шығындарға әкеліп, аз уақытта етті экспортқа шығаруға көптеген кедергілер тудыруы мүмкін. Қолға алынған игі істер, далаға кетпес үшін, мал дәрігерлік қызметтің сапасы жайында да, о бастан ойлаған абзал. Қазақстан Республикасында ет шаруашылығы саласының экспорттық әлеуетін дамыту үшін ет бағытындағы ІҚМ бас санының үлкейуін және етті мал шаруашылықтарының жүргізілуін тиімділігін жоғарлату жолымен қамтамасыз ету керек:

- Индустриалды негізде етті мал шаруашылық саласының дамыту;
- етті малдың және оның өнімділік сапасының тектік әлеуетін жақсарту;
- етті мал шаруашылығының дамытуына инновациялық технологияларды енгізу;
- жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту және тиімді қолдану;
- азық өндірісі жүйесін дамыту;
- өнеркәсіптік өндіріс және етті қайта өңдеу үшін инфрокұрылымдарды дамыту;
- етті шаруашылық саласына мемлекеттік қолдау көрсету.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов, Қ.Ж. Ет сапасын арттырудың мүмкіндіктері. / Қ.Ж. Аманжолов, М.Х. Майлыбаев, Ғ.М. Ахметов // Жаршы. – 2013. – №12. Б. 46-51.
2. М.А. Кинеев, М.А. Қазақстанда етті ірі қара шаруашылығын дамытудың кейбір мәселелері. / М.А. Кине, Қ.Ж. Аманжолов // Жаршы. – 2011 –№11. – Б. 48-52
3. Мелдебеков, С. Ірі қарадан алынатын өнім бәсекелестігі. / С. Мелдебеков // Жаршы. –2011. – №07. – Б. 37-40.
4. Аманжолов Қ.Ж. Сиыр етіне сұраныс оның сапасына байланысты / Қ.Ж Аманжолов, М.Х., Майлыбаев, Ғ.М. Ахметов // – Жаршы. – 2013. – №11. – Б. 39-45.
5. Аманжолов Қ.Ж. Сиыр еті экспортының әлеуетін арттыру негізгі міндет / Қ.Ж. Аманжолов // Жаршы. – 2012. – №08. – Б. 40-43.
6. Troya D.J., Kerry J.P. Consumer perception and the role of science in the meat industry // Meat Science. – 2010. – Vol.86. – P.214-226.
7. Djekic I. Environmental Impact of Meat Industry – Current Status and Future Perspectives // Procedia Food Science. – 2015. – Vol.5. – P.61-64.